

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.3 - С. 281 - 283

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАР ТЕРРИТОРИЯСЫН ЭРОЗИЯҒА ҚАРСЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жалғасбай З.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісін одан әрі арттырудың басты жолы жер алаптарының әр гектарының өнімділігін арттыру. Іс жүзіндегі өндірістік тәжірибелер көрсеткендей, жерді ұтымды пайдалану мен ауылшаруашылық техникаларын тиімді қолдануды, еңбекті дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз ету ауылшаруашылық кәсіп-орындарының, яғни қазіргі кезде қалыптасқан агроқұрылымдардың территориясын тиісті ішкішаруашылық ұйымдастырусыз мүмкін емес. Сондықтан, ең бірінші кезекте, орнықты жер пайдаланушылықтарды құру, алабарлықты жою, агротехникалық негізделген ауыспалы егісті енгізу қажет.

Жерге орналастырудың басты міндеті барлық жер алаптарын толық және дұрыс пайдалануды, жердің құнарлылығын тұрақты түрде арттыруды қамтамасыз ету болып табылады. Қазіргі кезде жерге орналастыру, әсіресе ішкішаруашылық жерге орналастырудың рөлі топырақты эрозиядан қорғау жөніндегі іс-шаралардың жүзеге асырылуына байланысты өлшеусіз артып келеді.

Топырақты эрозиядан қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыру тиісті жобалау ұйымдары әзірлейтін жобалар негізінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Эрозияға қарсы іс-шаралардың тиімділігі, ғылым мен практикада расталғандай, құрамдас бөліктері ұйымдастыру-шаруашылықтық, агротехникалық, орман мелиорациялық және гидро-техникалық эрозияға қарсы іс-шаралар болып табылатын кешенді орындау кезінде ғана мүмкін болады[1]. Сондықтан жерге орналастыру жобаларында эрозияға қарсы шаралар кешені болуы керек. Бұл кешенде территорияны дұрыс ұйымдастыруға негіз болатын ұйымдастырушылық және экономикалық іс-шаралар маңызды орын алады.

Әдетте, жер қорын жоғары қарқынды пайдалану, эрозияға ұшыраған жерлердің едәуір аудандарының болуы, сондай-ақ эрозиялық процестердің пайда болуы мен одан әрі таралуының ықтимал қатерін тудыратын күрделі жер бедері мен жауын-шашынның сипаты территорияны ұйымдастыруға ерекше талаптар қояды.


Ауыл шаруашылығы ғылымымен, өндірістік жағдайларда тексеру негізінде ғылыми негізделген ұсынымдар жасалған, оларды жерге орналастыру барысында қолдану территорияны реттестірудің қазіргі заманғы талаптарына жауап беретін деңгейде ұйымдастыру мәселелерін шешуге мүмкіндік береді[3].

Демек, ішкішаруашылық жерге орналастыру жобаларында отамалы дақылдармен қаныққан алқаптық ауыспалы егістерді 3^о-тен аспайтын ең жақсы алқаптарға, 3^о және одан астам көлбеу жерлерде эрозияға қарсы ауыспалы егістер немесе ауылшаруашылық дақылдарын жолақтап отырғызу учаскелерін жобалауды қарастыруға, ал олардан қатты эрозияға ұшыраған жерлерді шалғындандыру үшін бөлуге болады[2,5].

Топырақты өңдеу талаптарының сақталуын және тиісті агротехникалық эрозияға қарсы іс-шаралардың орындалуын, сондай-ақ техниканы неғұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін ауыспалы егіс алқаптарын көлбеу бойымен ұзын жағымен орналастыру керек.

Алайда, тәжірибе көрсеткендей, салыстырмалы түрде үлкен ауыспалы егіс алқаптары бар күрделі бедерлі жерлерде көптеген жағдайларда ауыспалы егіс алқаптарын жобалау арқылы бұл талапты орындау мүмкін емес.

Ауыспалы егістер территориясында орман жолақтары қорғау жүйесін орналастыру, сондай-ақ топырақты дұрыс өңдеуді қамтамасыз ететін алғышарттар жасау, көбінесе жобаланған танаптарды, жеке өңделетін жұмысшы учаскелерге жасанды түрде ұсақтауды қажет етті. Территорияны ұйымдастырудың бұл тәсілі танап ішінде қорғаныс орман жолақтары мен дала жолдарын қосымша жобалау қажеттілігімен, сондай-ақ жобаланған танаптардың жекелеген бөліктерінің топырақ жамылғысының сапасының айтарлықтай әртүрлілігімен және айырмашылығымен байланысты болды.



1 сурет. Баурайлы жерде ауыспалы егіс танаптарын жобалау
а)- жер бедері ескерілмеген; б)- жер бедері ескерілген.

Осылайша, көлбеу арқылы өңдеуді қамтамасыз ету үшін, танаптың жеке өңделетін бөліктерінің агротехникалық біртектілігі және оларды орман белдеулерімен жақсы қорғау үшін, көптеген жағдайларда ауыспалы егіс алқаптары жеке өңделетін учаскелерден жобаланды. Жерге орналастыру тәжірибесінде ауыспалы егіс танаптарын жобалаудың бұл әдісі территорияны ішкі ұйымдастыру әдісі деп аталады.

Күрделі ойлы-қырлы бедерлі жағдайларда, баурайлы жерлердің көлбеуі мен ұзындығы едәуір болғанда, сондай-ақ эрозия процестері байқалғанда, ауыспалы егіс танаптарының территориясын ұйымдастырудың бұл әдісі өте орынды болып саналады.

Жерге орналастыру материалдары бойынша 1-суретте көрсетілгендей, жер массивінің бүкіл территориясы далалық ауыспалы егіске бөлінген. Жобалау барысында механикаландыру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін дұрыс конфигурациялы танаптар бүтін және ықшам етіп жасалған, бірақ бедер жағдайлары, баурайдың көлбеуі және топырақтың сапасы мүлдем ескерілмеген (1а сурет).

Қазіргі уақытта ішкі шаруашылық жерге орналастыру жобаларын әзірлеу кезінде осындай қателіктерді түзетуге тура келеді (1б сурет). Жобалардың сапасына сол кезде топографиялық негізі бар пландардың жоқтығы әсер еткендігі сөзсіз.

Ал қазір әрбір жер пайдаланушыда топырақ және топырақ-эрозиялық зерттеулердің материалдары, топографиялық пландар бар, бұл әрбір жерге орналастырылатын шаруашылық территориясының ерекшеліктерін егжей-тегжейлі зерделеуге мүмкіндік береді. Ғылымның жетістіктері, сондай-ақ территорияны ұйымдастыру бойынша жинақталған тәжірибе, осы кезеңде көрсетілген зерттеу материалдары жеткілікті болса, ауыспалы егістерді неғұрлым жоғары деңгейде енгізе отырып, жерге орналастыру мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Тек территорияны дұрыс ұйымдастыру арқылы ғана эрозияға қарсы шаралар кешенін өндіріске енгізуге ықпал ететін жағдай жасауға, осыған байланысты эрозияның алдын алуға және осының негізінде баурайлы жерлердің өнімділігін арттыруға болады.

Осы мәселелердің барлығын шешу терең зерттеуді қажет етеді, бұл біздің әрі қарайғы зерттеулеріміздің тақырыбы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Заславский, М.Н. Эрозиоведение. Основы противоэрозионного земледелия /М.Н. Заславский. – М.: Высш. шк., 1987. – 376 с.
2. Озеранская Н.Л., Карбозов Т.Е. 6М090300 – «Жерге орналастыру», 6М090700–«Кадастр» мамандықтарының магистранттары үшін «Территорияны ұйымдастырудың қазіргі кездегі әдістері» пәні бойынша әдістемелік нұсқаулар«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ. - Астана, 2019

3. Карбозов Т.Е., Жупархан Б.Ж. Территорияны эрозияға қарсы ұйымдастыру, 5B090300-«Жерге орналастыру» және 5B090700-«Кадастр» мамандықтары бойынша оқитын студенттерге арналған Оқу құралы. «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ, Астана, 2016
4. Ries J.B. Rainfall simulations constraints needs and challenges for a future use in soil erosion research/J.B. Ries, T.Iserloh, M.Seeger, D.Gabriels//Zeitschrift fur Geomorphologie. – Supplementary Issues. – 2013. - №57
5. N.Ozeranskaya, T.Karbozov, A.Bekturganova, B.Zhuparkhan, V.Kononova. Optimization of Land Use in The Agricultural Landscapes of Northern Kazakhstan On the Basis of the Landscape Approach. <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57021718200>